

А.К. Сәдібеков

аға оқытушы, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан, Қазақстан (e-mail: askat.sadibekov@ayu.edu.kz)

**Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі архетиптік педагогика
элементтері**

Аңдатпа

Адамзат – ежелден арлы ұрпақ, иманды ұл-қыз, адами қасиеттерге бай ізбасар қалдыруды мақсат тұтып келеді. Осынау игі бастамаларға қол жеткізу үшін сан ғасырлардан бүгінге дейін бала тәрбиесінің түрлі озық үлгілері қалыптастырылды. Түркі әлемі педагогикасының ең асыл қазынасы саналатын көне түркі жазба ескерткіштерінің маман әзірлеуде, бала тәрбиесінде алатын орны ерекше. ЖОО-да бастауыш сынып, филолог, тарих мамандарын дайындау барысында оқу бағдарламасының қатарына аталған ұлы құндылықтарды енгізу қажет. Көне түркі ескерткіштерінің ең құнды саналатын Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жәдігерлеріндегі тарихи шежірелі жазбада халықтық педагогикалық сарындағы ойлардың келтірілгені назар аударуға тұрарлық. ЖОО-да Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері мұраларын этнопедагогикалық құндылық ретінде меңгерудің маңызы зор. Өйткені, балабақша, мектеп қабырғасынан бастап өскелең ұрпақтың бойына ежелгі түріктердің мәдениеті мен өркениетінің биік болғанын тоқу міндетті. Осылайша Елбасы Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы идеяларды іске асыруға мүмкіндік болар еді.

Кілт сөз: Көне түрік жазбалары, Күлтегін, Орхон, Тоныкөк, Білге қаған, Ұлт педагогикасы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы.

A. K. Sadibekov

Senior lecturer, Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan,
Kazakhstan (e-mail: askat.sadibekov@ayu.edu.kz)

Elements of Pedagogical Archetype on Old Turkic Monuments

Abstract

Going through various stages of evolution humanity continuously aims to bring up the following generation rich in human qualities. To achieve these noble initiatives, various progressive models of bringing up have been developed from many centuries to the present day. Ancient Turkic monuments inscriptions, the most precious treasures of Turkic world pedagogics play great role in the education of specialists and children upbringing. When specializing future primary school teachers, philologists, and history specialists in higher education, it is necessary to include these great values in the curriculum. It is worth paying attention to the fact that the historical chronicle of ancient Turkic inscriptions on the monuments of Kultegin, bilge Kagan, Tonykok, which are considered the most valuable.

The study of the heritage of Orkhon, Yenisei, and Talas monuments as ethno pedagogical

values is of great importance in higher education. After all, starting from the kindergarten and school desks, it is obliged to lead the younger generation to the high culture and civilization of the ancient Turkic people. Thus, it would be possible to implement the ideas in the program article by N. Nazarbayev “The course towards future: spiritual modernization”.

Keywords: Old Turkic inscriptions, Kultegin, Orkhon, Tonyukuk, Bilge Kagan, National education, Spiritual Modernization.

Ұрпақ тәрбиесінде ұлттық мұраларымыздың саны қисапсыз. Өйткені байырғы түріктерден қалған шығармалық мирастардың негізгі мақсаты тәрбие, тәлім болатын. Осы себепті де педагогика саласын қазақ ғалымдары мен халқы оңай игеріп кетті. Тәлім мен тәрбиенің халқымыздың санасынан берік орын алуы ұлттық иммунитетті мықты етті. Зерттеуші Ә.Н. Көшербаев «Батыста норман тайпалары қалай халықтың тіліне, тұрмысына, дәстүріне әсер етсе, дала көшпенділері де Азияда соншалықты әсер қалдырды», – деп пікір қалдырған [1, 101 б.]. Демек, ежелгі түріктердің адам тәрбиесіне қосқан үлесі зор болды деп қарастыруға болады. Бұл ой тың жаңалық емес. Аталмыш тақырып төңірегінде көп жазылып, айтылып келеді. Ежелгі түрік өркениеті ұрпақ тәрбиесіне қандай үлес қосты? Тақырыптың негізгі өзегі осында болып отыр. Батыстың ғылыми әлеуеті мен өркениеті, мәдениеті қаншалықты бай болса, Азияның, оның ішінде Орта Азия халықтарының аталған бағыттағы құндылықтары мол. Орта Азияның ең қауқарлы, тарихи мазмұны терең халқы – ол көшпенді түркілер. Еуразия құрлығын ұршықша иірген Сақ, Ғұн империясының өркениет айдынындағы іздері бүгінде Ұлы дала төсінде сайрап жатыр.

Белгілі ғалымдар В.С. Кукушин, С. Қалиевтердің «Ғұндар б.д.д. III ғасыр мен біздің дәуіріміздің I–II ғасырлары аралығында сақ тайпалары мекендеген аумақтың мұрагерлері болды. Сол кезеңдегі үйсін, қаңлы, жу-жу, дунку тайпалары Ғұн империясының құрамына енді. Ғұндар металл игерді. Мал шаруашылығымен айналысты. Бірақ олардың ең негізгі кәсібі әскери-жауынгерлік өнер еді. Олар өздерінің ұрпақтарын ержүрек, алғыр, епті болуға және зергерлік бұйымдар жасауға тәрбиеледі» [2, 59 б.], – деген пікірі біздің сөзімізді нақтылайды. Көне түріктер мекендеген ұлан-ғайыр даладан бүгінде археологиялық жәдігер ретінде табылып жатқан тарихи мұралар көшпенділердің мәдениеті мен эстетикалық талғамын, металл игерудегі зергерлік қабілеттерінің мығымдығын байқатады. Әрбір зергерлік бұйымдардағы дизайнерлік кескін мен идеялық мазмұн бүгінгі ғалымдарды қайран қалдыруы тегін емес. Байырғы түріктер

қоршаған орта мен адамзат арасындағы өзара байланыстың тығыз екендігін әуелден білді. Осы мақсатты көздеген бабатуріктер өздерінің тұрмыстық тіршіліктерінде жан-жануарлар мен аңдардың, құстардың бейнесі бедерленген бұйымдарды көптеп қолданды. Олар әрбір хайуанатты адам өміріндегі маңызды ырымдармен, сенімдермен байланыстырып отырған. Өздерін көкбөріден санайтын көшпенділердің салт-санасында аң стилінің мазмұны терең болды. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: «Егемен Қазақстанның символдарының бірі – жергілікті жануарлар әлемінде сирек кездесетін тұрпаты текті қар барысы екені кездейсоқ емес. Бұл ретте, аң стилі бабаларымыздың айрықша жоғары өндірістік тәжірибесі болғанын көрсетеді. Олар оюлап кескіндеуді, металмен жұмыс істеудің техникасын, соның ішінде, мыс пен қоладан балқымалар жасаудың және құймалар құюдың, жайма алтын дайындаудың күрделі әдістерін жақсы меңгерген. Жалпы, «аң стилі» феномені әлемдік өнердегі биік белестердің бірі саналады» [3], – деп жазуы біздің көзқарасымызды дәйектейді. Металл бұйымдарды тұрмыстық бұйым ретінде қолданған олардың архитектуралық өмірінде де жан-жануарлардың бейнесі биік орын алды. Қаған ордасы мен мемлекеттік маңызға ие нысандарда, үй жиһаздарында, бейіттерде жануарлардың бейнесі тастан қашалып сомдалды. Сонымен қатар тастан қашалған сандықтастар мен құлпытастарға құс, аң, жануарлардың сұлбасын өрнектеуге үлкен мән берілген. Тас пен металға өрнек салған ұлы даланың ежелгі тұрғындары өркениетінің биіктігін көрсетер келесі фактор түрлі мазмұндағы жазуларды шекуі. Түрік рунасын қолданған түріктердің әрбір қашалған жазбаларының мазмұнының дені өсиет сөздерге саяды. Келер ұрпақты қауіптен қорғап, сыртқы жаулардан сақтануға шақыратын өсиет сөздердің мазмұны ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырды. Себебі идеялық мазмұны ұрпақ тәрбиесіне негізделген жазбалардың мәні терең болды.

Бүтін бір материкті жаулап алып, қол астында ұстау үлкен алғырлықты, зор күшті, биік айлакерлікті, мол біліктілікті қажет ететінін ескерер болсақ, Ғұндардың қаншалықты дәрежеде өркениетті болғанына көзіміз тағы жетеді. Ғұндардан мирас болып қалған көне мұралардың ішіндегі бізге кеңірек мәлім болғандары – Орхон-Енисей бойынан табылған, тасқа қашалып жазылған VI–VIII ғғ. ескерткіштері. Жәдігерлер – түрік көсемі Білге қаған, Күлтегін батыр мен ақылгөй Тоныкөк құрметіне қойылған құлпытастар [2, 60 б.]. Бұл ескерткіш тастардағы түрік рунасы әліпбиінде жазылған мәтін бүкіл түркілер

үшін ортақ мұра. Мәтіннің жанрын анықтау турасында түрлі пікірлер айтылып келеді. Текст мазмұнына сай ғалымдар арасында пікір қайшылығы да бар. Бірі тарихи шежіре десе, енді бірі поэзиялық элементтерді меңзейді. Бірақ бір анығы бұл тарихи мәтін ұрпаққа жазылған өсиет. Ғалым А. Жұмабеков жазудың ұрпаққа қалдырылған ақыл-өсиет, үлгі-өнеге, жастар тәрбиесіне арналған аманат екендігін жазады. Еліміздің ұлы тұлғасы М. Әуезовтің: «Бұл жазуларда тәлім ретіндегі өсиет те бар», – деген сөзін дәйек етеді [4, 4 б.]. Демек, Орхон, Енисей, Талас жазбаларында педагогикалық элементтердің болуы шартты.

Халқымыздың ауыз әдебиеті, фольклоры тұтастай ұрпақ тәрбиесіне негізделген. Жоғарыда келтіргеніміздей, көшпенділер балаға тәлім беруді ежелден бастаған. Қазіргі таңда ертеден жеткен аңыз-эпсаналар, миф-ертегілер, жыр-дастандар мазмұнының болмысы ұрпақ тәрбиесіне арналған. Бұл төңіректе әбден жазылған. Халқымыздың бойындағы ұлық тәрбиенің негізін салушы ойшылдар мен ғалымдар, пәлсафашылар көп. Олардың артында қалған мол рухани байлық мұралары бүгінгі күнге дейін өз салмағын жоғалта қойған жоқ. Бүгінде тәрбиенің адамгершілік, гуманистік негізін салушы шығыс ойшылдарынан Қорқыт Ата, Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмуд Қашғари, Ахмет Иегүнеки, Қожа Ахмет Ясауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Қосынұлы Жалайриді, т.б. ерекше атап өтуге болады [5, 15 б.]. Орта ғасырдағы түркі ойшылдарының артында қалдырған мұралары өздеріне лайықты бағасын алып отыр.

Ғылымда өркениеттің бастауын адамзаттың бірлесіп өмір кешу, мал және егін шаруашылығын игеру, түрлі тұрмыстық құрал-жабдықтарды пайдалану кезеңдерінен бастайды. Иә бұл негізгі басымдықтар. Алғашқы адамзаттың жазуды қолдануын америкалық ғалым И.Д. Гельб ежелгі Шумерліктермен байланыстырып жүр. Ғалымның болжамы бойынша, тұңғыш жазу шамамен б.з.д. 3100 жылдары көне шумерлік жазудан бастау алады [6, 52 б.]. Бұл тартысты тақырып тарихи жәдігерлердің ғылыми қолданысқа енуімен түрлі болжамдарға ие болып жүр. Дейтұрғанмен қазіргі таңда әлемдік ғылым жазудың бастауын шумерлерден бастап отыр.

Ал ежелгі түріктердің өркениеті төңірегінде кездесетін жәдігерлер баба түркілердің әлемдік мәдениет пен ізгілікке қосқан үлесі зор деп бағамдауға толық негіз бар. Алпауыт империя құрған көшпенділердің артында мол тарихи мұра қалды. Бұл жәдігерлерді

жинақтау, зерттеу ісінің қолға алынғанына бүгінде үш ғасыр. Еліміз Тәуелсіздік алған жылдардан бері ежелгі бабалардың жүріп өткен жолдарын зерттеу жұмыстары түрлі деңгейде атқарылып келеді. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей бастамасымен көптеген мемлекеттік бағдарламалар іске асуда. Тарихи мағлұматтарды жинауға арналған «Архив - 2025» бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарламаның мақсатын Н.Ә. Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында былайша түсіндірген: «Архив – 2025». Тәуелсіздік жылдарында халқымыздың өткенін зерттеуге қатысты ауқымды жұмыстар атқарылды. Еліміздің тарихи жылнамасындағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасы табысты іске асырылды. Бірақ, бабаларымыздың өмірі мен олардың ғажап өркениеті жөніндегі көптеген деректі құжаттар, әлі де болса, ғылыми айналымға түскен жоқ. Олар әлемнің бүкіл архивтерінде өз іздеушісі мен зерттеушісін күтіп жатыр. Сондықтан, ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын барлық отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі іргелі зерттеулер жүргізу үшін «Архив – 2025» жеті жылдық бағдарламасын жасауымыз қажет деп санаймын. Бұл жобаны жүзеге асыру барысында тарихшылардан, деректанушылар мен мәдениеттанушылардан құрылған арнайы топтардың отандық және шетелдік ірі архивтермен өзара жүйелі әрі ұзақмерзімді ықпалдастықта болып, іздеу-зерттеу жұмыстарын жүргізуіне баса мән беру керек» [7].

Байырғы түріктердің өмірі, дүние мәдениетіне сіңірген үлесі турасында жазылған деректер мол. Олардың мәдени өмірінен ақпарат беретін шығармалардың легі де баршылық. Еуропалық ғалымдар мен Кеңес Өкіметі зерттеушілерінің елегінен әбден өткен бұл мирастың құны сәт сайын өсіп, құндылана түсуде. Көне түрік тарихын қаузаған көптеген ғылыми еңбектер ғылыми айналымға қосылды. Осыдан үш ғасыр бұрын жаңалық болып енген көне түрік жазуы немесе түрік руникасы турасында зерделенуге тиіс құпиялар әлі де баршылық. Көктүріктердің дүркіреп тұрған заманындағы халықаралық байланыстар мақсатында тұтынған әліпбиі болатын. Таңбалардың өзге руна жазуларымен ұқсастығы, фонеманың фонетикалық мәні, оқылу жүйесі турасында біраз ғылыми еңбектер жазылды. Сондай-ақ, рунолог ғалымдарды даярлау мақсатында көне түрік тілі пән ретінде арнайы курс болып жоғары оқу орындарында оқытылды.

Кеңестік кезеңде байырғы түрік тілін оқыту ісі қолға алынып біраз оқулықтар әзірленді. Бұл оқулықтар өз уақытында маңызды

еңбек ретінде бағаланды. Түрік руникасы деп оқытылған жазбалардың грамматикалық, фонетикалық, лексикалық құрылысы зерттеліп, оқулық ретінде дайындалды. И.А. Батманов «Язык енисейских памятников древнетюркской письменности» (1959), Ә. Құрышжанов, М. Томанов «Орхон-Енисей жазу ескерткіштерінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері» (1964), В.Г. Кондратьев «Очерк грамматики древнетюркского языка» (1970), Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М. Томанов «Көне түрік жазба ескерткіштерінің тілі» (1971), А.Н. Кононов «Грамматика языка тюркских рунических памятников (VII–IX вв.)» (1980), В.М. Насилов «Язык Орхон-Енисейских памятников» (1960), Т. Tekin «A Grammar of Orkhon Turkic» (1968), Ғ. Айдаров «Көне түрік жазба ескерткіштерінің тілі» (1986) және осы тектес көптеген ғалымдардың әдістемелік еңбектері оқулық ретінде ұсынылды. Бұл бастама байырғы түрік жазуын меңгеруге едәуір сеп болды. КСРО тарап, бұрынғы посткеңестік елдер жекедара шаңырақ көтерген тұста ғылым саласын зерттеудің жоспары баянсыз күйде қалды. Көптеген ғылыми деректер мен тұжырымдамалар оқырманға жетпей қалып жатты. Дейтұрғанмен түрік бітіктің тағдырына бей-жай қарамайтын ғалымдар өз еңбектерін бастырып, қалың жұртшылыққа ұсынды. Бұл істе бастамашы болған белгілі түрік рунасының жанашыры, ғалым Ғұбайдулла Айдаров еді. Зерттеушінің «Күлтегін ескерткіші» (1995) аталатын еңбегі тәуелсіздік жылдарындағы алғашқы туынды болды. Әрі қарай Ғ. Айдаров «Тоникук ескерткішінің тілі» (2000), М.Қ. Ескеева «Көне түрік және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негізі» (2007), Ж. Түймебаев, М. Ескеева «Көне түрік жазба ескерткіштері тілінің морфологиялық жүйесі» (2016), С. Сыдықов, К. Конкобаев «Байырқы түрк жазуусу (VII–X кылымдар)» (2001), Қ. Сартқожаұлы «Байырғы түрік жазуының генезисі» (2007), А.С. Аманжолов «История и теория древнетюркского письма» (2003) және т.б. байырғы түрік жазуы жан-жақты зерттелген туындылар дүниеге келді. Бұл еңбектерді әзірлеу барысында авторлар оқырманға көне түрік жазуының құпияларын ашып жазуға тырысты. Ғалымдардың мақсат, мүдделері байырғы түрік жазуын келер ұрпаққа меңгерту болды. Осы себепті сыры ашылмаған түрлі таңбалы жазулардың құпиясын шешу жолында өз уақыттары мен жігерлерін жұмсады. КСРО аумағында XX ғасырдың соңғы он жылдығындағы орын алған өзара кезең еліміздің барлық жүйесіне залалын тигізді. ЖОО білім беру бағдарламалары қайта жасақталуға тиіс болды. Осы кезеңде көне түрік тілін меңгерту ісінде де біршама өзгерістер орын

алды. Десек те түрік руникасын оқыту біржолата оқу жоспарынан түсіп қалмады. Пәнді меңгерту филология мамандықтарында таңдау компоненті қатарына енгізіліп оқытылуда. Дейтұрғанмен Түркология мамандықтарында тереңдетіле оқытылады. Сонымен қатар мектеп бағдарламаларында аздап мәліметтер беріліп келеді. Бұл да болса іске асқан жұмыс. Алайда, байырғы түрік жазуын оқытуды бұдан әрі жетілдіре түсу қажет. ЖОО-да көне түрік тілін оқытудың педагогикалық негізі ретінде жоғарыдағы мақсаттарды айтуға болады. Үш ғасыр бойы құпиясын тарқатуға қызмет еткен отандық, шетелдік түрколог, рунолог ғалымдардың ғылыми негіздемелерін педагогикалық генерациялаудан өткізу қажет. Бұл істе бауырлас түрік, әзірбайжан елі көш ілгері. ЖОО-да филология мамандығының 2 курс студенттері міндетті пән ретінде көне түрік тілін 1, 2 семестрде «Orhon Türkçesi», «Göktürkçe», «Eski Türk Dili» атауымен курс ретінде оқып келеді. Пәннің әдістемелік негіздемелері әзірленіп, оқытудың инновациялық әдістерімен студенттерге меңгертеді.

Ежелгі жазуларды көптеген елдер ертеден оқытуды қолға алған. Мәселен, көрші Ресей Федерациясы М. Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің «Филология» мамандығы бакалавр студенттері 1-курстың 1, 2 семестрінде «Старославянский язык» (Ескі славян тілі) курсы өтеді. Пән бойынша жалпы 236 сағат бөлінген. Аудиториялық сағат 136 – 68 лекция, 68 семинар сағаттары. Қалған 102 сағат СӨЖ-ге арналған. Дәл осы мамандықтың 2 курсына (3–4 семестр) «Древнегреческий язык» (Ежелгі грек тілі) пәнін 150 сағат көлемінде оқиды. 136 сағат тәжірибелік, 14 сағаты өзіндік жұмысқа тағайындалған [8]. Тағы бір ресейлік Жоғары экономика мектебі Ұлттық зерттеу университетінің «Филология» мамандығы бакалавр студенттері 2-курста «Древнегреческий язык» (Ежелгі грек тілі), «Старославянский язык» (Ескі славян тілі) пәндерін 152 сағат бойы игереді. Пәнді таңдау компонентіне енгізген [8].

«Көне түрік тілі» курсы республика бойынша «филология» мамандығында оқитын бакалавр студенттеріне міндетті пән ретінде оқыту қажет. Аталған пәнді игеру арқылы студенттердің құзыреттіліктерін арттыруға септігін тигізеді. Курс барысында ежелгі түріктердің тұтынған байырғы түрік жазуының қалыптасу тарихын, Орхон, Енисей, Талас бойынан табылған құлпытастардағы өсиет-жырлардың мазмұнын игеріп, түрік руникасының фонетикалық, грамматикалық құрылысы мен лексикалық үлгісіне терең тоқталуға ден қойылғаны дұрыс. Отандық ғалымдардың, кеңестік кезеңдегі түрік

рунасын оқытудағы әдістемесін, қазіргі таңдағы бауырлас елдердің оқыту тәжірибесінің озық үлгілерін қолдана отырып курстың кешенді әдістемесін әзірлеген жөн. Болашақ филологтардың көне түрік тілін терең меңгеруіне мүмкіндік берілуі қажет. Себебі әбір тілдің тарихы, жазуының қалыптасуы, мәдениеті мен өркениетінің бастауын оқыту зор маңызға ие. Ежелгі түркілердің көне жазуын оқу – болашақ ұстаздардың бойында отансүйгіштік қасиеттердің күшейе түсуіне ықпал етеді. Қазіргі таңда бүкіл дүниежүзінде ескі жазу мен тілді оқыту биік мазмұнға ие. Ежелгі жазулар қатарында көне грек тілі, маия тілдері, гот, көне исланд тілі, латын тілі, санскрит және т.б. атауға болады. Демек әрбір ел өз халқының мирасын сақтап қалуға тырысуда. Осы көштен қалмай байырғы түрік жазуын елімізде меңгертуді жан-жақты қолға алу қажет. Қазіргі таңда байырғы жазуларды танып білу, келер ұрпаққа үйрету ісі барлық мирасқор елдерде белең алып жатыр. Бүгінде ескі тілдер мен жазуларды меңгертуді мақсат тұтқан көптеген еңбектерді атап өтуге болады. Мәселен, Горшков А.И. «Старославянский язык» (2004), Horace Lunt «Old Church Slavonic Grammar» (2001), Гухман М.М. «Готский язык» (2012), Irmengard Rauch «Gothic Language: Grammar, Genetic Provenance and Typology, Readings» (2011), Edzard Dietz Otto «Sumerian Grammar» (2003), Вольф Ф., Малинаускене Н.К. «Древнегреческий язык» (2004), Selden Daniel «Hieroglyphic Egyptian: An Introduction to the Language and Literature of the Middle Kingdom» (2013) және т.б. туындыларды атауға болады.

Түркі бабалардың мұрасының жастарға тәлім берудегі қызметі төңірегінде А. Жұмабеков былай деп жазады: «Жастарға білім беру ісіне, жазу алфавитіне ерекше көңіл бөлген түркі халықтары «Күлтегін» және басқа да руналық естеліктерінде: «Барлық айтар сөзімді мәңгі тасқа бастым. Бұған қарап біліңдер... Іші-тысына жазу жазғыздым» деп өсиет етеді. Сол арқылы олар өз халқын, жастарды бітіктас жазуларын оқуға, сауатты болуға, білім, тәжірибе жағынан өсіп, ақылдылыққа тәрбиеленуге шақырған. Жастарға берілетін ақыл тәрбиесінде жазу мәдениетінің атқаратын қызметі үлкен екендігін жақсы түсінген» [4, 52 б.]. Ежелгі түрік қағандары өзінің халқының сауатты, білімді, тәрбиелі, ержүрек, отаншыл, ақылды болуына баса назар аударған. Көшпенділерді зерттеуші ғалымдар байырғы түріктердің мәдениетін меңгеруде көптеген игі қасиеттеріне қанығып келеді. Көптеген жәдігерлер мен жазба деректерден мазмұнды мұраларға ие болып отыр. Ғалым А. Жұмабеков ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу барысында «Суджи» естелігінде «мұғалім»

(«марым») сөзінің қолданылғанын айтады. Осы сөздің мәніне қарап сол кезеңде балаларға арнайы білім беретін мектептер ұйымдастырылғаны анық деп топшылайды. Сондай-ақ, бай адамдардың үйлерінде бала оқытушы жеке ұстаздар жұмыс істегендігіне толық сенім білдірген. Сол себепті түркі халықтарында жастарды оқытып, тәрбие беретін ұстаз, мұғалімдердің (марым) қоғам тарапынан білімді болу, әдептілікті сақтау туралы айтылған өсиеттеріне мойынсұнуы, ұстазынан үлгі алуы ерекше маңызды болған. Мұны «Суджи» құлпытасындағы «Балам менің мұғалімімдей бол», – деген таңбалы жазудан көруге болатындығын жеткізген [4, 52 б.]. Көне түрік жазбаларынан кездесетін білім мен тәрбиеге қатысты ойлардың біршамасын профессор Ә. Құрышжанов жинақтап кітапқа бастырды. Олардың қатарында төмендегідей мазмұнды ұсынуға болады. «Білімді адам білімділігімен дара тұрады» (ақылды адам ақылы арқылы дарланады) [9, 230 б.], «Таза адамның ұяты – игі» [9, 236 б.], «Танып-білу – сөнбейтін жарық (көсеу шырақ - факел) сияқты» [9, 274 б.] және т.б. кесек ойларды үзінді етіп берген. Бұл деректер арқылы ежелгі ататүріктердің ағартушылық істе үлкен тәжірибеге ие болғандығына көз жеткізуге болады. Бұған дәйек ретінде көшпенділердің мекен еткен территорияларынан көптеп кездескен тасқа шекілген жазбаларды меңзеуге болады. Жазу-сызуды білмеген халықтың тау-тастарға өз ойларын кескіндеп жазуға мүмкіндігі, қабілеті жетпес еді деген логиканы ұстануға болады. Олай болса көне түрік жазуын игеру арқылы ұлттық педагогикалық пішіндегі мұраларды игеруге жол ашылады. Қазақ ұлттық педагогикасын еліміздің этнопедагогтары ежелгі түрік жазбаларынан бастауы да тегін емес.

Ерте замандардан бері адам баласы іздену, оқу, білу, тәжірибе алмасу, үйренуді бір сәт тоқтатқан емес. Ойымызды дәйектеу үшін ғалым Н. Сейітқұловтың белгілі қазақ этнопедагогикасын зерттеуші С. Қалиұлының негіз етіп алған сегіз кезеңіне зер салып көрейік. Қазақ этнопедагогикасын ұзақ жылдар зерттеген ғалым халық педагогикасының тарихын адамзат дамуының қоғамдық құрылыс кезеңдеріне сай бөліп қарастырады. Бірінші кезеңді – Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі тәрбие деп б.з.д. тас, қола дәуірін атайды. Ал, екінші кезеңді – Сақтар мен Ғұндардың жауынгерлік тәрбиеге баулу кезеңі б.з.д. VII–VIII ғ.ғ. – б.д. V ғ. дейінгі уақытты белгілейді. Үшінші кезең – Ұлы түрік қағанаты кезіндегі тәрбие VI–IX ғасыр аралығын қамтиды. Төртінші кезең – араб-шығыс мәдениеті,

ортағасыр ойшылдарының тәлімгерлік ой-пікірлері тараған X–XV ғ.ғ. аралығы. Бесінші кезеңге – Қазақ хандығы кезіндегі ұлттық тәлім-тәрбие көріністері, жыраулар поэзиясындағы тәлімдік ойлар XV–XVIII ғ.ғ. аралығын жатқызады. Ал, XVIII ғасырдан XX ғасырдың 20 жылдарына дейінгі аралықтағы Қазақ елінің Ресейге қосылу кезіндегі ұлт азаттық қозғалысы мен ағартушылық-демократиялық бағыттағы тәлім-тәрбие берген уақыт бедерін – алтыншы кезең деп қарастырыпты. Жетінші кезең – Кеңестік дәуірдегі ғылыми педагогиканың қалыптасуы 1920–1990 жылдар аралығын қамтыйды. Ал, Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық тәлім-тәрбиенің өркен жаюы деп 1991 жылдан кейінгі уақытты сегізінші кезең деп белгілеген екен [10, 7 б.].

Ғалым С. Қалиұлы пайымдағандай түркілердің ататегінің тәрбиелік мазмұнды ойларын б.з.д. тас, қола дәуірінен бастаймыз. Одан бергі Сақтар мен Ғұндардың өркениет іздері бүкіл түркітөктес халықтардың ортақ мақтанышы. «Ұлы түрік қағанаты дәуіріндегі Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі (VI–VIII ғ.ғ.) жазбаларындағы тәлімдік саясат сөздері өзінің теңдесі жоқ өнегесімен жүрек тербейді. «Құлақ қойып тыңдаңыздар, тереңнен ойланып, толғаныңыздар. Өлімнен ұят күшті... Адам ұлының бәрі де өлмес үшін туады...» [10, 6 б.], – деген жолдар еріксіз ойландырады. Еліміздің белгілі ғалымы, Орхон-Енисей мұраларын зерттеуші Ғ.Айдаровтың [11] да Орхон ескерткіштерінен түркі тайпаларының тарихы, мәдениеті, тілі мен әдебиеті, әдет-ғұрпы, салт-санасы жөнінде толып жатқан деректер бар екендігі туралы айтылған ұлттық салт-дәстүр мен тәлім-тәрбие жөнінде маңызды пікірі сөзімізді дәйектей түседі.

Қазіргі таңда бүкіл әлем халқы өткен тарихына үңіліп, бабалар ізінен өркениет белгілерін іздеуде. Өйткені дүниежүзі ғалымдарының алдында адамзаттың шығу тегі қай жерден бастау алады? – деген сұрақ тұр. Мұндай сауалдың жауабын табу үшін тарихи жәдігерлер, ежелгі адамдардың мәдениетінен ақпарат беретін айғақтар маңызды екені белгілі. Ежелгі түркілердің тасқа таңбалап шекіген жазулары күн өткен сайын құнын арттырып келеді. Бір кездері бұл жазулардың Еуропадан келуі мүмкін деген болжамдардың түпкілікті түрде қате екендігін дәлелдеу күн тәртібінің маңызды мәселесі. Бұл енді басқа тақырып. Ежелгі Ғұн империясының билеушілері мен халқының орасан зор білікті болғанын, ұрпақ тәрбиесіне үлкен мән бергенін жан-жақты айшықтау қажет.

Ежелгі түріктерден бізге жеткен ең үлкен ескерткіштер Орхон-

Енисей, Талас жазулары. Ескерткіштердің мазмұны өте бай екендігін ғалымдар жазып қалдырғаны белгілі. Аталған мұралы жазбадан халықтық педагогиканың белгілері анық байқалады. Жазбаның тарихи шежірелі және өсиетке құрылғаны көрініп тұр. Сонымен қатар, шығарманың мазмұнынан ұрпаққа аманатты сөздер, жауынгерлікке, батылдыққа, отансүйгіштікке баулитын, тәлім-тәрбиелік өнегелерді көруге болады.

Күлтегін ескерткішінің мазмұнынан мысал: Күлтегін мәтінінің батыс беті /КТ.I. 1–40/ 10-қатар «...Уақыт Тәңірі жасар-ау, ал адам баласы күресумен өлмекке туған» [12, 177 б.]. Бұл жолдар ұрпағын өмір үшін, Отан үшін күресуге бағыттап тұр деп қабылдауға негіз бар. Адам баласы туғаннан бастап жақсы өмір сүру үшін еңбек етіп, оқып-біліп, өлгенше ізденеді. Кісі үшін бұл дүние мәңгілік емес екендігін ескертіп тұр. Сөйлемнің нақыл сөзге лайықты элементтері анық байқалады. Идеялық мазмұны мен пәлсәфалық түйіні тәлімдік әуезді көрсетіп тұр. Келесі, сол жақ беті /КТ.IV. 1–14/ 5-қатар «...Алтын, күміс, арақты, жібекті есепсіз беріп жатқан Табғач халқының сөзі тәтті, ақығы /қазынасы/ асыл. [Олар] тәтті сөзі, асыл қазынасымен арбап, жырақтағы халықты өзіне соншама жақындатар еді. Біздер жақын қоныстанып, сонсоң жайсыз білімге үйір болдық» [12, 178 б.]. Ұлы Ғұн патшалығының Азияда үстемдік құрғанын тарихтан білеміз. Алпауыт елдің сыртқы жауларының болатыны заңдылық. Күлтегін жазбасынан Табғач елімен арадағы байланыстардың шегін негіздеп тұрған бұл қатардан ұғарымыз ұрпағын аталған ел халқынан абай болуға шақырып тұрғанын түсінеміз. Жақсы сөз бен дүниеге малданбауға, дүниеден де биік Отанның қасиетін түйсіндіріп, жаулардың құрығына түсіп қалудан сақтандырып тұр. Осылайша ұрпағына сыртқы жауларынан сақтанып жүруге кеңес беріп отыр. Мұның да тәрбиелік, тәлімдік мәнінің маңызын бағамдауға болады. Бұл сөйлемдегі өсиет сөздің мәні күні бүгінге дейін өз мазмұнын, құндылығын жоя қойған жоқ. Осыдан соң бұл өсиет сөздің ұрпаққа берілген ұлы аманатты тәрбие тәмсілі демеске лаж жоқ.

Күлтегін ескерткішінің әрбір сөзінің мәні өте терең. Ескерткіштің сол жақ беті /КТ.IV. 1–14/ 6-қатар «...Бір кісі алданып жаңылса, иелігіндегі халқы, оның бесігіне дейін (бесіктегі ұрпағының ұрпағына дейін) зардап шегеді. [Олардың] тәтті сөзі, асыл дүниесіне алданып түркі халқы, өлдің. Шұғай-жынысының оң жағы Төгулден бергі жазығы түркі халқы сенің үлесінде» [12, 178 б.]. Тағы да өсиет сөз. Қатері мен қаупі зор ел ежелгі қытай мемлекеті. Мұндағы негізгі мәнін

мазмұны ұғынықты. Елді басқарушы басшының жаңылысуы бүкіл мемлекетті құрбандыққа шалуы мүмкін екендігін негіздеп отыр. Бұл жазбаның мақсаты ел билеушілерге бағытталған өсиетті сөз. Мұнан әрі, ескерткіштің сол жақ беті /КТ.IV. 1-14/ 8-қатар «...Өтүкен-жерде керуен аттандырып қойып отырсаң елде мұң /қорқыныш/ болмас. [Ал], Өтүкен-жыныста отырсаң мәңгі ел тұтып отырарсың сен... Аштықта тоқтықты түсінбедің сен. Бір тойсаң ашықпайтындай боласың сен» [12, 178 б.].

Қорыта келгенде, жоғарыдағы жазбаларды қарап отырып, ежелгі түріктердің педагогикасының мол мұрасына қанығамыз. Тайға таңба басқандай, анық байқалып тұрған этнопедагогикалық элементтерді көреміз. Токшылық адамды бұзатынын, тән азығынан артыққа бас қатырмаудың соңы елдіктен айыратынын күні бұрын айтып отыр. Кісінің бойында отанға деген махаббаттың алауы әрдайым сөнбеуі тиіс екендігін меңзейді.

Әдебиеттер

1. Көшербаева Ә.Н. (жетекшісі) Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. 1-том: Ежелгі дәуір. Алматы: «Таймс» баспа үйі. 2008 – 400 бет.
2. Кукушин В.С., Қалиев С. Этнопедагогика: Оқулық. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2014. – 336 бет.
3. Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даладағы мыңжылдық тарихтың жаңа дәуірі» // «Туған тіл». №1 (2017)
4. Жұмабеков А.Қ. «Түркі халықтарының жазба мұраларындағы педагогикалық ой-пікірлер (VI-VIII ғ.ғ.)» пед. ғыл. канд. дисс. Д2005/637
5. Игенбаева Р.Т. Жоғары мектеп педагогикасы. – Алматы: «Эверо», 2014. 169 бет.
6. Гельб И.Д. История письменности. От рисуночного письма к полноценному алфавиту / Пер. с англ. Т. М. Шуликовой. – М.: ЗАО «Центрполиграф», 2017. – 360 стр.
7. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры. // <https://aikyn.kz/2018/11/21/73794.html>
8. <https://www.philol.msu.ru/pdfs/up520300031000.pdf>
9. Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы: Қайнар, 2001. – 472 бет.
10. Сейітқұлов Н.А. Қазақ халық педагогикасындағы ұлттық тәрбие. – Түркістан: 2010. – 336 бет.
11. Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: «Ғылым», 1990. – 219 бет.
12. Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. – Астана, 2003. – 392 бет.

References

1. Kösherbaeva Ä.N. (jetekshisi) Älemdik pedagogikalıyq oı-sana. 10 tomdyq. 1-tom: Ejelgi dáýir. Almaty: «Taims» baspa úii. 2008 – 400 bet.
2. Kúkúshın V.S., Qaliev S. Etnopedagogika: Oqúlyq. – Almaty: RPBK «Dáýir», 2014. – 336 bet.

3. Nazarbaev N.Á. «Uly daladaǵy myńjyldyq tarihtyń jańa dáýiri» // «Týǵan til». №1 (2017)
4. Jumabekov A.Q. «Túrki halyqtarynyń jazba muralaryndaǵy pedagogıkalıq oı-pikirler (VI-VIII ǵ.ǵ.)» ped. Ǵyl. Kandidaty diss. D2005/637
5. Igenbaeva R.T. Joǵary mektep pedagogıkası. – Almaty: «Evero», 2014. – 169 bet.
6. Gelb I.D. Istoriia pismennosti. Ot risýnochnogo pısmo k polnotsennomý alfavitý / Per. s angl. T. M. Shýlıkovoi. – M.: ZAO «Tsentropoligraf», 2017. – 360 str.
7. Nazarbaev N. Uly dalanyń jeti qyry. // <https://aikyn.kz/2018/11/21/73794.html>
8. <https://www.philol.msu.ru/pdfs/up520300031000.pdf>
9. Qurıshjanuly Á. Eski túrki jazba eskertkishteri. – Almaty: Qanar, 2001. – 472 bet.
10. Seıitqulov N.A. Qazaq halyq pedagogıkasındaǵy ulttyq tárbi. – Túrkiстан, 2010. – 336 bet.
11. Aıdarov Ǵ. Orhon eskertkishteriniń tekisi. – Almaty: «Ǵylym», 1990. – 219 bet.
12. Sartqojaulı Q. Orhon muralary. – Astana, 2003. – 392 bet.

Özet

Evrimin çeşitli aşamalarından geçen insanlık, insani nitelikler bakımından yeni nesli eǵitmek için süreklı çabalamaqtadır. Bu asil girişimleri uygulamak için, yüzyıllar boyunca çeşitli gelişmiş ebeveynlik modelleri oluşturulmuştur. Türk dünyası pedagojisinin en değerli hazineleri olarak kabul edilen Eski Türk yazılı anıtları, çocukların eǵitimi ve yetiştirilmesinde özel bir yere sahiptir. İlköğretim, filoloji, tarih gibi uzmanlık alanları için bu yüce değerleri yüksek öğretim kurumlarının müfredatına dahil etmek gerekir. En değerli Eski Türk anıtları olarak kabul edilen Kültegin, Bilge Kağan, Tonyukuk'un tarihi kronikleri halk pedagojisinin fikirlerini yansıtmaktadır. Orhun, Yenisey ve Talas anıtlarının mirasını üniversitede etnopedagojik değerler olarak incelemek önemlidir. Çünkü kreş ve okuldan mezun olan genç nesle Eski Türklerin kültür ve medeniyetinin tanıtılması gerekir. Böylece Nursultan Nazarbayev'in makalesindeki “Manevi canlanma”nın fikirlerini hayata geçirmek mümkün olacaktır.

Анаhtar Kelimeler: Eski Türk Yazılı Anıtlar, Kültegin, Orhon, Tonyukuk, Bilge Kağan, Milli pedagoji, «Manevi canlanma» programı («Ruhani Jangıruv»).

(А.К. Садібеков. Ески Түрки Языли Анитларда Аркетип Педагојисинин Унсurları)

Аннотация

Человечество всегда стремилось оставить после себя верных сыновей и дочерей, богатых человеческими качествами последователей. Для реализации этих благородных инициатив на протяжении веков формировались различные передовые модели воспитания детей. Памятники древнетюркской письменности, считающиеся ценнейшими сокровищами педагогики тюркского мира, занимают особое место в обучении и воспитании детей. Необходимо включить эти великие ценности в учебную программу высших учебных заведений для таких специальностей как начальное образование, филология, история. Стоит отметить, что исторические хроники Культегина, Бильге Кагана, Тоньюкука, которые считаются ценнейшими древнетюркскими памятниками, отражают идеи народной педагогики. Важно изучать наследие памятников Орхона, Енисея и Таласа как этнопедагогические ценности в ВУЗе. Ведь из стен детских садов и школ подрастающему поколению необходимо внедрить культуру и цивилизацию древних тюрков. Таким образом, можно было бы реализовать идеи программной статьи Нурсултана Назарбаева «Духовное возрождение».

Ключевые слова: древнетюркские письменные памятники, Культегин, Орхон, Тоньюкук, Бильге Каган, национальная педагогика, программа «Духовное возрождение» («Рухани жаңғыру»).

(А.К. Садібеков. Элементы архетипической педагогики в древнетюркских письменных памятниках)